


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



УДК 069(53)

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Ж. Тілеуқабыл

Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада Арал маңының тарихи-мәдени мұралары соның ішіндегі Қызылорда облысы Қазалы ауданы аумағында орналасқан тарихи археологиялық ескерткіштерді зерттеу және мәдени мұраларымызды сақтауда Қазалы аудандық тарихи өлкетану музейінің қызметі қарастырылған. Аталған мекеменің қатысуымен аудан аумағындағы «Тапа» қола дәуірінің ескерткіштері және ортағасырлық «Жанкент» қалашығындағы зерттеулерді сақтауда тарихи-өлкетану музейінің маңыздылығы баяндалған. Қазіргі музей қорығы шағын болса да ғылыми зерттеулер жұмысына барынша атсалысып, зерттеулер жүргізіп келеді. Аудан аумағындағы ескерткіштер 2017 жылы Қазақстанның киелі орындар тізіміне және Сыр бойының сакральді ескерткіштер тізіміне енгізілді. Оған Жанкент, Күйік кескен қалашықтары және т.б. 54 тарихи мәдени ескерткіштер еніп, бүгінгі таңда оларды сақтау үшін қорғау аймағы болып белгіленген.

Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі 2019 жылдың ақпан айынан бастап жұмыс жасауда. Қазіргі таңда өлке тарихын, табиғатын, экономикасын, археологиясын, архитектуралық ескерткіштерін, этнографиясын, тарихи деректер, ақын – жыраулар, ұсталар және т.б. естеліктері мен ескерткіштерін іздестіру, тарихи маңызы бар құнды жәдігерлерді жинау, зерттеу оларды қорда сақтау – музейдің басты мақсаты болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеудің теориялық негізі аумақта зерттеу жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әзірлемелері мәдени мұра, археологиялық мұраны музейлендіру, қазіргі заманғы музейлердің жетістіктері, институционалдық тұжырымдамалар қаралды. Мақала жазу барысында Қазалы ауданы аумағында зерттелген тарихи мәдени мұралар жайлы ғылыми еңбектер соның ішінде ғылыми мақалалар сараланып тарихи тұрғыдан баға берілді. Зерттеу барысында біз талдаудың жалпы ғылыми әдістерін қолдандық және синтез, статистикалық талдау сияқты эмпирикалық әдістер, мазмұнды талдау, сауалнама сияқты.

Тірек сөздер: Арал маңы, Сырдария, Қазалы, музей, өлкетану, ескерткіштер.

Сілтеме жасау үшін: Тілеуқабыл Ж. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің мәдени мұраны сақтаудағы қызметі // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 37-46 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.04

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПО СОХРАНЕНИЮ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАЛИНСКОГО РАЙОННОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Ж. Тілеуқабыл

Казалинский районный историко-краеведческий музей (Казахстан)

Аннотация. В статье рассматривается историко-культурное наследие Аральского региона, в том числе историко-археологические памятники, расположенные на территории Казалинского района Кызылординской области, а также деятельность Казалинского районного историко-краеведческого музея по сохранению нашего культурного наследия. При участии данного учреждения было описано значение историко-краеведческого музея в сохранении в регионе памятников и исследований бронзового века «Тапа» и средневекового города «Жанкент». Хотя нынешний музей-заповедник невелик, он участвует в научной работе и проводит исследования. В 2017 году памятники на территории

района были включены в список сакральных мест Казахстана и список сакральных памятников Сырского региона. В него входят города Жанкент, Куйк Кескен и др. также внесено 54 памятника истории и культуры, и сегодня они объявлены охранными зонами для их сохранения.

Казалинский районный историко-краеведческий музей работает с февраля 2019 года. На сегодняшний день хранить в фондах историю региона, природу, экономику, археологию, памятников архитектуры, этнографию, исторические данные, поэты, кузнецы и т.д. поиск воспоминаний и памятников, сбор и изучение ценных реликвий, имеющих историческое значение – является главной целью музея.

Материалы и методы исследования. Теоретической основой исследования послужили научные разработки отечественных и зарубежных ученых, проводивших исследования на территории культурного наследия, музеизации археологического наследия, достижения современной музеологии, институциональные концепции. В ходе написания статьи были выделены и даны историческая оценка научные работы, в том числе научные статьи, об историко-культурном наследии, изучаемом на территории Казалинского района. В ходе исследования мы использовали общенаучные методы анализа и эмпирические методы, такие как синтез, статистический анализ, контент-анализ и опросник.

Ключевые слова: Приаралья, Сырдарья, Казалы, музей, краеведение, памятники.

Для цитирования: Тілеуқабыл Ж. Деятельность по сохранению культурного наследия Казалинского районного историко-краеведческого музея // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 37-46. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.04

ACTIVITIES TO PRESERVE THE CULTURAL HERITAGE OF THE KAZALINSKY DISTRICT MUSEUM OF HISTORY AND LOCAL LORE *Zh. Tileukabil*

Kazalinsky District Museum of History and Local Lore (Kazakhstan)

Abstract. The article discusses the historical and cultural heritage of the Aral region, including historical and archaeological sites located in the Kazaly district of the Kyzylorda region, as well as the activities of the Kazaly district museum of history and local history to preserve our cultural heritage. With the participation of this institution, the importance of the museum of history and local history in preserving monuments and research in the region of the Bronze Age "Тара" and the medieval city of "Zhankent" was described. Although the current museum-reserve is small, it participates in scientific work and conducts research. In 2017, monuments in the district were included in the list of sacred places of Kazakhstan and the list of sacred monuments of the Syr region. It includes the cities of Zhankent, Kuik Kesken and others. 54 historical and cultural monuments were also included, and today they are declared protected zones for their preservation.

The Kazalinsky District Museum of History and Local Lore has been operating since February 2019. Today, the museum's main goal is to store the history of the region, nature, economy, archeology, architectural monuments, ethnography, historical data, poets, blacksmiths, etc. in its collections. The search for memories and monuments, the collection and study of valuable relics of historical significance is the main goal of the museum.

Materials and methods of the research. The theoretical basis of the research was the scientific developments of domestic and foreign scientists who conducted research in the territory of cultural heritage, museumization of archaeological heritage, achievements of modern museology, institutional concepts. During the writing of the article, scientific works, including scientific articles, about the historical and cultural heritage studied in the territory of Kazaly district were distinguished and given a historical evaluation. During the research, we used general

scientific methods of analysis and empirical methods such as synthesis, statistical analysis, content analysis and survey.

Keywords: Aral, Syrdarya, Kazaly, museum, local history, monuments.

For citation: Tileukabyl Zh. Activities to preserve the cultural heritage of the Kazalinsky District Museum of History and Local Lore // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 37-46. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.04

Кіріспе. Қазіргі таңда тарих және археология ғылымында музей ісі, консервациялау, реконструкция, реставрация және музейлендіру сияқты атаулар жиі қолданылады. Себебі, бүгінгі таңда тарихи-мәдени мұра мен табиғи қорықты сақтау мәселесі ерекше өткір болып тұр. Қазіргі адам өмір сүріп жатқан қоғамда бұлардың сақталуына әлеуметтік, рухани және саяси тұрғыдан мән берілуде. Аталған мәселелерге тарихи-өлкетану музейлері де өз үлестерін қосуда, олардың қатарына Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейін жатқызуға болады.

Қазалы ауданы еліміздің тарихи ескерткіштері көп орналасқан Қызылорда облысының тарихи шағын аудандардың бірі болып табылады. Бұл аймақ өзінің тарихи географиялық орналасуы жағынан Арал маңы, Солтүстік Арал маңы, Сырдария өзені, Қызықұм шөлі, Арал маңы Қарақұмы жерлерімен шектесіп жатыр. Тарихи бастауын көне заманнан алған бұл аймақта тас ғасыры, қола дәуірі, ерте темір дәуірі, орта ғасырлық кезеңдерге жататын археологиялық ескерткіштер көптеп табылған.

Ежелгі заманда осы аймақта өмір сүрген халықтар Батыс және Шығысты байланыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктеріне қарай мал шаруашылығы, егіншілік пен мәдени типті қалыптастырған десек, уақыт өткен сайын тарихи оқиғаларға байланысты өздерінің маңыздылығын сақтай алмай, жойылып кеткен ескерткіштер – осындай ұлы даланы қоныс еткен халықтардың ертедегі тұрмыс-салты, кәсіпшілігі, материалдық және рухани мәдениеттерінен сыр шертетін баға жетпес дереккөздері бола алады. Өкінішке орай, Сыр өңірі қалаларының тарихы мен қалалық мәдениеті, орта ғасырларда тіршілік еткен халықтардың өмірінде қала мәдениетінің атқарған ролі жөніндегі жазба мәліметтердің өте аз болуы қынжылтады. Бүгінгі ұрпақ оларды тек жан-жақты археологиялық зерттелмеген төбелер күйінде көріп отыр [Толстов, 1948].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей жазба деректердің аздығы, өңір тарихының негізгі сұлбасын қалпына келтіруге де мүмкіндік бермейді. Осы өңірдегі Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жұмыстары барысында басты назар, Оңтүстік-Шығыс Арал аймағының материалдық мәдениетін зерттеуге бағытталған. Жарты ғасырдан астам уақыт жүргізілген ізденістер барысында жүздеген көне қоныстар мен қорымдар ашылып зерттелсе де, Шығыс Арал аймағы Орталық Азия жөніндегі тарихи ғылымда әлі де болса зерттелмеген «ақтандақтар» болып саналады [Толстов, 1947: 55-102].

Талқылау. Бүгінгі таңда Қызылорда облысы Қазалы ауданы аумағындағы 54 тарихи мәдени ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Олардың ішіндегі ең атақты белгілері: Жанкент, Кескен күйік, Күйік кескен қалашықтары. Қазіргі таңда тарихи мәдени ескерткіштерді сақтау үшін бұл аймақ қорғау аймағы болып белгіленген және кейбір ескерткіштерге QR-коды бар тақтайшалар орнатылған.

Қазалы ауданындағы ескерткіштерді насихаттау жұмысы аясында Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі сайтында туристерге, ғалымдарға және т.б. зерттеушілерге арналаған «Қызылорда облысының интерактивті картасы» орналастырылған. Ескерткіштердің орналасу картасында 150 ескерткіштің тізімі картамен берілген.

С.П. Толстовтың жекелеген зерттеулері барысында 1948-1962 жж. «По следам древнехорезмийской цивилизации», «Древний Хорезм» және «По древним дельтам Окса и Яксарта» монографиялары жарияланды. Бірақ, бұл еңбектерде жалпы шолу мен алғашқы нәтижелер айтылады [Толстов, 1948].

2006-2007 жылдар аралығы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шірікратат археологиялық экспедициясының барлау тобы (жетекшісі Ж.К. Құрманқұлов) «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Қызылорда облысының ескерткіштер жинағын» шығару мақсатында Қазалы ауданының археологиялық сәулет өнері ескерткіштерін ғылыми айналымға енгізген. Нақтырақ айтсақ 2007 жылы орыс тілінде, 2011 жылы қазақ тілінде Қызылорда облысының ескерткіштер жинағына енгізілген [Байпаков, Құрманқұлов, 2011: 9-44].

Жаңа археологиялық зерттеулердің жүргізілуі барысында Сыр өңіріндегі қалалық мәдениеттің антикалық және ортағасырлық қалалары туралы деректер «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» және «Сыр бойының сакральді ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар» атты жинақтарға енгізілген. Бұл жинақтарда Жанқожа батыр кесенесі, Сараман қоса мұнарасы және ортағасырлық Жанкент ескерткіштерінің анықтамалары беріліп, бұл нысандарды республикалық және Сыр өңірінің қасиетті орындар тізімі берілген [Сыр бойының сакральді ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар, 2019: 332-351]. Кейіннен Бәбіш-молда, Жанкент, Сығанақ қалаларында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, ашылған нысандар облыс қонақтары мен жергілікті тұрғындардың назарына ұсынылып отыр [Воякин, 2017: 504-507].

Қазіргі таңда Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі тарихи мәдени мұраны насихаттау барысында өз өңіріміздің құнды деректері мен жәдігерлерін сақтай отырып, оны жас ұрпаққа насихаттау мақсатында жұмыс жасайды.

«Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып, 2014 жылғы Қазалы ауданы әкімдігінің № 282 қаулысымен құрылды. 2019 жылдың ақпан айынан бастап «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама» басқармасының «Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің» филиалы болып жұмыс жасайды (сурет 1).

Музей залдары 114,4 кв. шаршы метрді алып жатқан ғимаратта орналасқан.



Сурет 1. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі

Қазіргі таңда музей қорында 4540 – қа жуық экспонат бар.

Музейдің негізгі мақсаты – өлке тарихын, табиғатын, экономикасын, археологиясын, архитектуралық ескерткіштерін, этнографиясын, тарихи деректерді, соның ішінде ақын – жыраулар, ұсталар, бақсылар, жекелеген тұлғалардың естеліктері мен ескерткіштерін іздестіру, соның ішінде тарихи маңызы бар құнды жәдігерлерді жинақтау, зерттеу оларды қорда сақтау болып табылады.

Музейдің міндеті – музей қорындағы экспонаттар мен фото құжаттардан музей экспозициясын жасақтау, өлке тарихын, археологиясын, архитектуралық ескерткіштерін, этнографиясын халық назарына ұсыну, оларды насихаттау. Халықпен етене араласып жұмыс жасау, келешек үшін қызмет ету.

Қазіргі таңда музейде Археология және этнография залы, Тұлғалар залы және Тәуелсіздік залы жұмыс жасауда.

- Аудан аумағында ортағасырлық Жанкент қалашығы орналасқан. Қазіргі таңда бұл қалашықта қазба жұмыстары мен музейлендіру жұмыстары қоса атқарылуда.

- XIX ғасырда танымал болған өнертанушы, қоғам қайраткері В.В. Стасов Жанкент қаласының маңыздылығына байланысты: «..Жанкенттің маңындағы ескі қала неге біздің Помпей бола алмайды?» – деп айтқан.

Жанкент қалашығы – қазіргі Сырдарияның төменгі ағысы Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Жанкент ауылынан (ескі атауы Өркендеу) оңтүстікке қарай 1,5 км. жерде орналасқан (сурет 2). Қалашықтың жоспары шығыстан батысқа қарай созылып жатқан «Т» әрпі тәрізді, шығыс бөлігі шығынқы тіктөртбұрышты болып келген [Сыдыкова, 2014: 11-15, 100-115]. Оның аумағы шамамен 15 га. 415 x 230 (шығыс бөлігінде – 320 м) м.

Бүгінгі күні ескерткіштің ең жақсы сақталған бөлігі оның фортификациясы – Шығыс беті жартылай дөңгелек шығынқы мұнаралары бар пахсадан құйылған сыртқы қабырғалары. Бекіністің оңтүстік-батыс бұрышы кейінгі уақыттағы тұрғындар салған жолмен қатты бүлінген. Әлі күнге дейін қабырғалар бойымен аралары 25-40 м. болатын дөңгелек қарауыл мұнараларының іздері байқалады [Курманкулов, Аржанцева, Зиливинская, Рузанова, Сыдыкова, 2007; Ежелгі қала Жанкент, 2010; Комплексные исследование городища Джанкент, 2014; Naruda etc, 2020; Воякин, 2017: 516-524; Аржанцева, Рузанова, 2010: 394-410].

418]. Төменде археологтар Ә.Ә. Тәжекеев және Ы.С. Құрманиязов пен өлкетанушы А. Жұмабаевтың суреті берілген (сурет 3).



Сурет 3. Арал маңы Қаракұмы археологиялық барлау барысына қатысқан өлкетанушы А. Жұмабаевтың сұхбат беруі. Археологтар Ә.Ә. Тәжекеев және Ы.С. Құрманиязов (2019 ж.).

Музей қорында Арал маңындағы Қаракұмда ашылған Тапа қонысының қыш ыдыстары сақталған. 1969 жылы ашылған қола дәуіріне жататын Тапа қонысының беткі қабатынан табылған қыш ыдыстар А.В. Виноградов пен Е.Е. Кузьминаның ғылыми мақаласында: Арал маңы Қаракұмының кейінгі тас ғасыры – деп, жарияланған болатын.

2013 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана филиалының ғалымдарымен Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінен солтүстік-шығысқа қарай 80 км. жерде орналасқан Тапа ауылының жанындағы қола дәуірі қонысы «Тапа 1», «Тапа 2» деген атаумен қайта зерттеліп, жергілікті өлкетанушы Тапа ауылының тұрғыны Аманжол Жұмабеков тапқан бүтін қыш ыдыстары зерттелген. Табылған қыш ыдыстар Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейіне тапсырылған [Тәжекеев, Онгар, Шораев, 2013:167-170; Бексеитов, Құрманиязов, 2019: 363-369; Тәжекеев, Курманиязов, 2019: 178-190].

Кейіннен жүргізілген ғылыми зерттеулер Арал маңы Қаракұмы маңынан тағы да басқа ескерткіштер кешені ашылып, ондағы жүргізілген шағын археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі аймақтың тарихын тереңде жатқандығын аңғартады.

Бұл ескерткіштер ашылған жерлер шөлді, құмды аймақ және онда арналар мен өзендер жүйесі орналаспаған. Қазіргі уақытта бұл жерлерді мекендеген жергілікті халық суды қолдан қазылған құдықтар арқылы тұтынып, шаруашылық қажетіне пайдаланып келеді. Ескерткіштердің орналасқан нақты аймағы үрлемелі құмның әсерінен белгісіз, беткі қабатынан қыш ыдыстар мен тастан жасалған еңбек құралдары жиналып алынған. Қазіргі таңда жергілікті халықтың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысады, ондағы үйлер жекелей орналасқан, әр үйдің өздері қазып алған су құдықтары бар. Жылжыған құмдардан алынған бүтін қыш құмыралар және тас құралдар жиынтығының табылуы қола дәуірінде бұл жерді мекендеген адамдар мал шаруашылығымен айналысқан деуге толық негіз бар.

Қорытынды. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ұжымы археологиялық зерттеулерге тұрақты қатысып, музей қорларын толықтыруда. Осылайша, соңғы жылдары қолға алынған Қазалы ауданындағы Жанкент қалашығында жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстары аталмыш ескерткіштердің сақталу мерзімін ұзартуға, сол арқылы тарихи бейнесін сақтап қалуға өз үлестерін қосуда. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады деген сенімдеміз. Жоғарыда аталған қалашықтарда қазба жұмыстары әрі қарай жүргізілсе, болашақта бұл жерлерде қосымша музей-қорық ашылып, аймақтың туризм қызметін көтереді. Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді қайта қалпына келтіру жұмыстарында табиғат жағдайын ескеретін жергілікті қол жетімді материалдар пайдаланылса, ортақ сақтау, қорғау әдістемесі жұмысы жалғастырылады және болашақта туристер саны артып, қалашыққа келген туристер мен қонақтарға көрсетуді ұйымдастыруда Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің әлеуеті арта түспек.

ӘДЕБИЕТ

Қурманқұлов Ж. Городища Жанкент // Байпаков К.М., Елеуов М. и др. Свод памятников истории культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С. 249-250

Құрманқұлов Ж. Жанкент қалашығы // Байпаков К, Елеуов М. және т.б., Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы Алматы: Аруна, 2011. 113-114 бб.

Тажекеев А.А., Онгар А., Шораев Б.К. Тапа – памятник эпохи бронзы Северовосточного Приаралья. // Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. Астана, 2013. Т. 2. С. 167-170

Воякин Д.А. Жанкент қаласы // Қазақстанның киелі орындарының географиясы // Табиғат, археология, этнография және сәулет өнері нысандарының тізілімі. Жалпы редакциясын басқарған ҚР ҰҒА академигі Байтанаев Б.Ә. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 1- шығарылым. 504-507 бб.

Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар. //Жоба авторы: С. Қосан, жауапты редактор: А. Жұмабекқызы. Қызылорда: Тұмар, 2019. 432 б. Суреттер, аудиожазба (Рухани жаңғыру).

Naruda A.f., Ventresca Miller A.R., Paijmans J.L.A., Barlow A., Tazhekeyev A., Bilalov S., Hesse Y., Preick M., King T., Thomas R., Harke, H., Arzhantseva I. The earliest domestic cat on the Silk Road. Scientific Reports.10: 11241. 2020.

Қурманқұлов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Материалы Джанкентской экспедиции Кызылординской государственной университет им. Коркыт Ата. Институт этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. Институт археологии им. А.Х.Маргулана. МОН РК. 2007. 124 с.

Ежелгі қала –Жанкент- Қызылорда, 2010, 110 б.

Толстов С.П. Города гузов // СЭ. 1947. №3. С. 55-102.

Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.-Л.: Академия наук СССР. 1948а. 328 с.

Комплексные исследования городища Джанкент, работы 2011-2014 гг. Алматы: Арыс, 2014. 320 с.

Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т., Султанжанов Ж.К. Организация охранной зоны и консервационные работы на городище Джанкент //Археология Казахстана. № 1 (7). 2020. С. 88–97.

Тажекеев Ә.Ә., Дарменов Р.Т., Билалов С.Ө., Амиргалина Г.Т., Назаров А.Ж., Султанжанов Ж.К., Қурманиязов И.С. 2020 ж. далалық маусымда ортағасырлық Жанкент қаласында жүргізілген археологиялық жұмыстар //Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуұлы Елеуовтың 75 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация үдерісіндегі маңызы» атты халықаралық далалық семинар материалдары. / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті, 2021.. 158-169 бб.

Бексеитов Ғ.Т., Құрманғазов И.С. Сырдарияның төменгі ағысының көне арналарындағы ежелгі тұрақтар мен қоныстардың суландыру жүйесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. Археология және этнология. 2019. №2 (61). 363-369 бб.

Тәжекеев А.А., Курманғазов И.С. Новые исследования древних памятников в Восточном Приаралье // Отан тарихы. №4, (88) 2019. С. 178-190.

REFERENCES

Kurmankulov J. Gorodiща Jankent // Baipakov K.M., Eleuov M. i dr. Svod pamyatnikov istorii kultury Respubliki Kazahstan. Kyzylordinskaya oblast. Almaty: Aruna, 2007, pp. 249-250. (In Russian)

Kūrmanqūlov J. Jankent qalaşyǵy // Baipaқov K, Eleuov M. және t.b., Qazaqstan Respublikasynың tarihi және мәдени ескерткістерінің jinaǵy. Qyzylorda oblysy Almaty Aruna, 2011, pp. 113-114. (In Kazakh)

Tajekeev A.A., Ongar A., Şoraev B.K. Тапа – pamyatnik epohi bronzy Severo-vostochnogo Priaralya // Trudy filiala Institutа arheologii im. A.H. Margulana v g. Astana. Astana, 2013. Vol. 2, pp. 167-1707. (In Russian)

Voyakin D.A. Jankent qalasy // Qazaqstannың kielі oryndarynың geografiyasы // Табиғат, arheologiya, etnografiya және säulet öneri nysandarynың tızılımı. Jalpy redaktsiyasyn basqarǵan QR ŪGA akademigі Baitanaev B.Ä. Almaty: Ä.H.Margūlan atyndaǵy Arheologiya instituty, 2017. 1- шыǵarylym, pp. 504-507. (In Kazakh)

Syr boiynың sakraldy eskertкіsteri: mifтер, anyzdar, hikayattar // joba avtory: P. Qosan; jauapty redaktor: A. Jūmabekqyzy. Qyzylorda : Tūmar, 2019. 432 p.: suretter, audiojazba (Ruhani jaŋǵyru). (In Kazakh)

Haruda A.f., Ventresca Miller A.R., Paijmans J.L.A., Barlow A., Tazhekeyev A., Bilalov S., Hesse Y., Preick M., King T., Thomas R., Harke, H., Arzhantseva I. The earliest domestic cat on the Silk Road. Scientific Reports.10:11241. 2020. (In English)

Kurmankulov J.K., Arjantseva İ.A., Zilivinskaya E.D., Ruzanova S.A., Sydykova J.T. Materialy Djankentskoi ekspeditsii Kyzylordinskoi gosudarstvennyi universitet im. Korkyt Ata. Institut etnologii i antropologii im. N.N. Mikluho-Maklaya RAN. Institut arheologii im. A.H.Margulana MON RK. 2007. 124 p. (In Russian)

Ejelgı qala –Jankent- Qyzylorda, 2010, 110 p.

Tolstov S.P. Goroda guzov // SE. 1947. №3, pp. 55-102. (In Russian)

Tolstov S.P. Po sledam drevnehozemiiskoi tsivilizatsii // M. - L.: Izdatelstvo Akademiya nauk SSSR. 1948a. 328 p. (In Russian)

Kompleksnye issledovaniya gorodicha Djankent, raboty 2011-2014 gg. Monografiya. Almaty: Arys, 2014. 320 p. (In Russian)

Tajekeev A.A., Darmenov R.T., Sultanjanov J.K. Organizatsiya ohrannoi zony i konservatsionnyeraboty na gorodiще Djankent. // Arheologiya Kazahstana. № 1 (7). 2020, pp. 88-97. (In Russian)

Täjekeev A.A., Darmenov R.T., Bilalov S.U., Amirgalina G.T., Nazarov A.J., Sultanjanov J.K., Kurmaniyazov İ.S. 2020 j. dalalyq mausymda ortaǵasyrlyq Jankent qalasynda жүrgizilgen arheologiyalyq jūmystar // Tarih ǵylymdarynың doktory, professor Madiyar Eleuūly Eleuovtyн 75 jyldyq mereitoyna arnalǵan «Ūly Jibek joly men Qazaqstan keruen joldarynың urbanizatsiya üderisindegi maңyzy» atty halyqaralyq dalalyq seminar materialdary / Jauapty red. R.S. Jumataev. Almaty: Qazaq universiteti, 2021, pp. 158-169. (In Kazakh)

Bekseitov ǒ.T., Kūrmaniyazov Y.S. Сырдарияның төменгі ағысының көне арналарындағы ежелгі тұрақтар мен қоныстардың суландыру жүйесі // Abai atyndaǵy QazŪPU Хабаршысы: «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериасы, Археология және этнология. 2019. №2 (61), pp. 363-369. (In Kazakh)

Tajekeev A.A. Kurmaniyazov Y.S. Novye issledovaniya drevnih pamyatnikov v Vostochnom Priarale // Otan tarihy. №4, (88) 2019, pp. 178-190. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Тілеуқабыл Жанат – Қазалы аудандық Тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Әйтеке би кенті). <https://orcid.org/0009-0002-9002-3937>. E-mail: 1981janat1981@mail.ru

Сведения об авторе: Тилеуқабыл Жанат – научный сотрудник Казалинского районного историко-краеведческого музея (Кызылординская область, поселок Айтеке би, Казалинский район), <https://orcid.org/0009-0002-9002-3937>., E-mail: 1981janat1981@mail.ru

Information about the author: Zhanat Tileukabyl – a researcher at the Kazalinsky District Museum of History and Local Lore (Kyzylorda region, Aiteke bi village, Kazalinsky district). <https://orcid.org/0009-0002-9002-3937>. E-mail: 1981janat1981@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 15.03.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 15.05.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.06.2024.